



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Базалық мөлшерлемені 16,5% деңгейінде сақтау туралы

Астана қ.

2025 жыл, 11 сәуір

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1 п.т. дәлізімен жылдық 16,5% деңгейінде белгілеу туралы шешім қабылдады.

Жылдық инфляция наурыз қорытындысы бойынша 10%-ке дейін жеделдеп, болжамды диапазон шегінде (10-12%) қалыптасты. Жылдық инфляцияның негізгі қозғаушы күші – қызмет көрсету секторы болып отыр. Бұл реттелетін тарифтердің бірінші тоқсанда күткеннен жоғары өсуімен және нарықтық қызметтердің қымбаттауымен байланысты. Азық-түлік инфляциясының үлесі айлық және жылдық көрсеткіштерде арта түсті.

Айлық динамикада тұрақтанудың алғашқы белгілері байқала бастады. Инфляция ақпандағы 1,5%-пен салыстырғанда наурызда 1,3%-ке дейін баяулады. Бұл азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен нарықтық қызметтердің бәсеңдеуіне байланысты. Базалық инфляция – 0,9%, ал маусымдық әсерлерден тазартылған инфляция – 1,0% деңгейінде қалыптасып, ұқсас динамика көрсетіп отыр.

Алайда, маусымдық факторлардан түзетілген ағымдағы инфляция қаңтар-наурыз айларында (*немесе 1-тоқсанда*) орташа есеппен әлі де жеделдеп, бір жылға есептегенде 14,2% деңгейіне жетті. Бұған тарифтік реформалардың жалғасуы, проциклдік фискалдық ынталандыру және орнықты тұтынушылық сұраныс ықпал етті.

Наурызда қысқамерзімді инфляциялық күтулер біршама төмендегенімен, сауалнама нәтижелерінде белгісіздік деңгейі артты. Ұзақмерзімді күтулер жоғары деңгейде қалды. Кәсіби қатысушылардың инфляция бойынша күтулері 8,7%-тен 10,6%-ке дейін өсті.

Сыртқы жағдай әлемдік азық-түлік бағасының жоғары болуына және негізгі сауда-серіктес – Ресейдегі екі таңбалы инфляцияға байланысты **проинфляциялық қалпында қалып отыр.** Дамыған экономикаларда инфляция жыл басынан бері баяулап келе жатқанына қарамастан, белгісіздік күшейіп келеді. ФРЖ мөлшерлемені өзгеріссіз қалдырып, төмендету цикліндегі үзілісті ұзартты. Сонымен қатар, ФРЖ экономикалық өсу болжамын төмендетіп, инфляцияның сәл жоғары болуын күтеді. Еуропа Орталық Банкі (ЕОБ), керісінше, экономикалық белсенділікті қолдау үшін, мөлшерлемені төмендетуді жалғастырып, дезинфляциялық үдерісті тоқтата алатын тарифтік шаралар мен фискалдық шығыстардың баға қысымына әсер ететін тәуекелдерге назар аударды. Жалпы алғанда, АҚШ-тың сауда саясатына байланысты әлемдік экономикада белгісіздік пен сұраныс төмендеуі қаупі артты. Бұл мұнай бағасының күрт төмендеуіне және қаржы нарықтарындағы құбылмалылықтың күшеюіне алып келді.

2025 жылы қаңтар-наурыздағы жылдам деректерге сәйкес экономика ж/ж 5,8% өсім көрсетті. Бұл өсім көлік (21,0%), құрылыс (16,9%), өңдеу өнеркәсібі (8,7%), тау-кен өндірісі (6,1%) және сауда (6,3%) салаларындағы белсенділікке байланысты болды.

Ішкі сұранысқа инфрақұрылымдық жобалардың іске асыруы, тұтынушылық кредит беру және халық табысының ұстамды өсуі қолдау көрсетеді. Дегенмен, 1-тоқсанда тұтынушылық сұраныстың бәсеңдеу белгілері байқалуда. Бұл 2024 жылғы қазандағы 19,3%-тен кейін ақпанда

5,1%-ке дейін бөлшек сауда айналымының баяулау деректерімен, сондай-ақ сауалнамаларға сәйкес ірі сатып алулар индексінің төмендеуімен расталады.

Проинфляциялық тәуекелдер жоғары деңгейдегі инфляциялық күтулермен, тарифтердің одан әрі өсуімен, бағалардың ырықтандырылуымен және салық жүктемесінің күтілетін артуымен байланысты.

Сыртқы орта тарапынан Ресейдегі екі таңбалы инфляция қаупі сақталып отыр. Қосымша алаңдаушылық АҚШ-тың сауда саясатын қатаңдатуы және оған жауап ретінде қабылданған шаралар аясында әлемдік рецессия тәуекелдерінің артуымен байланысты. Бұл фрагментация мен деглобализацияның жаңа кезеңін, сондай-ақ логистикалық проблемаларды көрсетеді. Аталған үрдістер мұнай, қаржы және тауар нарықтарына қысым жасап, болашақта инфляциялық қысымды күшейтуі мүмкін.

Сонымен қатар, іске асырылып жатқан алтын-валюта операцияларын теңестіру шаралары, сондай-ақ тұтынушылық кредиттеуді азайтуға арналған жарияланған макропруденциялық шаралар жоспарланып отырған минималды резервтік талаптарды (МРТ) қайта қараумен бірге базалық мөлшерлеменің дезинфляциялық әсерін қолдайды.

Жиынтық ақша-кредит шарттары ұстамды-қатаң деңгейде сақталады. Бұл сұраныс динамикасын бірқалыптандыру және инфляцияның төмендеу үрдісін бекіту үшін қажет.

Инфляцияға әсер етуші факторлардың қалыптасқан тепе-теңдігін, оның қазіргі қарқынын, сыртқы ортадағы проинфляциялық үрдістері мен жоғары белгісіздік деңгейін ескере отырып, алдағы шешімдер аясында базалық мөлшерлемені төмендетуге алғышарттар әзірге қалыптасқан жоқ.

Алдағы болжамдық кезең аясында тәуекелдердің қалыптасып жатқан балансы, соның ішінде талқыланып жатқан салық реформасының ықпалы, АҚШ тарифтік саясатының салдары және өзге де факторлар бағаланатын болады. Мөлшерleme бойынша шешімдер келіп түсетін деректер мен инфляция перспективаларына берілетін бағаларға байланысты қабылданады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитетінің базалық мөлшерleme бойынша кезекті жоспарлы шешімі 2025 жылғы 5 маусымда Астана уақытымен сағат 12:00-де жарияланады.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz